

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажиліс Парламента

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

*2022ж. «30» қарашада жарияланды*

**Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрі  
М.М.Ахметжановқа**

**Қазақстан Республикасы  
стратегиялық жоспарлау және реформалар  
жөніндегі агенттігінің төрағасы  
А.А.Ирғалиевке**

**Депутаттық сауал**

**Құрметті Марат Мұратұлы!**

**Құрметті Асет Арманұлы!**

Біздің депутаттық сауал үшін үлкен қалаларға жақын орналасқан ауылдарда тұратын Қазақстан Республикасы халқының үнемі жазатын өтініштері себеп болды.

Мемлекет басшысы, үкіметке ауылдың 5 жылдық мерзімі ішінде даму тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырып, тиісінше Жарлыққа, ағымдағы жылдың 26 қарашасында қол қойды.

Шалғайдағы ауылдардың мардымсыз дамуына және ауылшаруашылық өндірісінің автоматтандырылуына байланысты азаматтардың шалғайдағы ауылдардан қалаларға үнемі қоныс аударуы байқалады, бірақ сонымен қатар қаланың өзінде жылжымайтын мүлікке бәрі бірдей қол жеткізе алмайды, сондықтан адамдар жақын маңдағы ауылдық жерлерге қоныстанады.

Ауылдардың инфрақұрылымы мұндай тұрғындарға арналмағандықтан, қолданыстағы заңнаманы бұзғанына қарамастан, адамдар сапалы әлеуметтік қызметтер (медицина, білім беру және т.б.) алу үшін қалаларда тіркеледі.

Өз кезегінде, ауыл тұрғындарының санына сәйкес келетін ауылдың инфрақұрылымын құру үшін қолданыстағы заңнаманың талаптары бойынша осы елді мекенде тұратын барлық халықтың онда тіркелуі қажет, тіркелмеген халық осы ауылда есепке алынбайды, демек, мұндай ауылдардағы халық саны өте төмен, кейбір жағдайларда айырмашылық 5-6 есеге дейін жетеді.

Мысалы, ауылда жалпы алғанда 30-35 мың адам тұрса, ал 5-6 мыңы ғана тіркелген.

Жоғарыда айтылған жағдайды сипаттайтын болсақ, де юре ауылда халық жоқ, ал халық болмаған соң даму да жоқ, ал дамыған инфрақұрылымсыз халық жоқ. Міне, осындай қатал нәтиже шығады (орысша айтқанда «порочный круг»).

Өкінішке орай, бүгінгі күні статистиканы жүргізетін органдарда ауылда тұратын халық саны бойынша нақты деректер жоқ.

Оны іске асырудың сапасы мен кейінгі тиімділігі ауыл тұрғындары мен олардың қажеттіліктері туралы деректердің сапасы мен өзектілігімен тікелей байланысты болатыны анық, әйтпесе біз мектептерінде оқушылары үш ауысымнан оқитын немесе 20-30 мың адам саны бар ауылдарда науқастардың тек ФАП-қа ғана жүгіне алатын ауылдардың санын көбейту қаупін тудырамыз.

"АМАНАТ" партиясының аумақтарды ойластырылған түрде дамыту жөніндегі міндетін орындау үшін елді мекендердегі тұрғындардың нақты санын ескеруге мүмкіндік беретін өзгерістер қажет.

Ол үшін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне және Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне мына шараларды жүзеге асыру қажет:

- тұрғындардың саны мен құрылымының көрсеткіштерін есептеу әдістемесін өзгерту,
- уақытша тіркеуді қадағалау механизмдерін әзірлеу,
- республика азаматтарының тіркелуіне және уақытша тіркелуіне қатысты бақылауды арттыру.

Сондықтан Сіздерден осы мәселені өз бақылауларыңызға алып, заңнамада белгіленген мерзімде қабылданған шаралар туралы жазбаша түрде жолдауларыңызды сұраймыз.

**Құрметпен,  
«АМАНАТ» партиясы фракциясының  
депутаттары**

**Елюбаев М.С.  
Бижанова. Г.  
Абсеметова. Ә.  
Телпекбаева. Ж.  
Қаратаев. Ф.**

**«Ақ жол» партиясы фракциясының  
депутаты**

**Дүйсенбинов.Б.С.**

**Қазақстан Халық партиясының фракциясы  
депутаты**

**Ахметбеков.Ж.**

Орынд.Муратова М.  
Тел:74-67-52, [muratova@parlam.kz](mailto:muratova@parlam.kz)